


Ақмола облысы
Ерейментау ауданы

ЕРЕЙМЕНТАУ


A large, dark metal sign with the word 'ЕРЕЙМЕНТАУ' in bold, uppercase Cyrillic letters. The sign is supported by a complex metal structure consisting of two main legs that meet at a point on the ground, with a horizontal bar connecting them. The background is a desolate, snowy landscape under a grey, overcast sky. In the distance, there are utility poles and some industrial structures.



**Ерейментау
деген тауды
да, қаланы да
білеміз. Ал,
сол
Ерейментау
туралы
аңызды
білеміз бе?!**

- Сонау ерте заманда «Ақтабан шұбырынды» кезінде қанжығалы деген ел Сырдың бойын мекендеген екен. Бірақ жаугершіліктің әртүрлі ауыртпалығының әсерінен мал мен жанға қолайлы жер іздеп сары даланы бетке ала көшеді. Көш жүре-жүре Арқаның айтулы көкшалғынды таулы аймағына келіп, ат басын тірепті. Бір тасты таудың басына шығып байқаса, тастары ыстық екен. Сонан бұл тауды «Күншалпын» деп атайды.
- Келесі бір таудың беткейін аралап жүрсе ірі-ірі әр жерде жатқан тастарды көреді. Бұл таудың атын «Сандықтас» деп атайды. Күндердің бір күнінде жоңғарлар ойда-жоқта шабуыл жасапты. Белгілі батыр Бөгенбай бір топ сарбаздарымен жоңғарларға қарсы шығады. Жекпе-жек сайысы болып, жаудың батырын найзамен шаншып түсірген Бөгенбай жеңіске жетеді. Қалмақ батырының мінген аты тұлпар болса керек. Бөгенбай қашқан жауды түре қуып тастап, жаңағы атты бір жігітке іздетіпті.
- Арада бірнеше күн өткенде әлгі жігіт күрең атты Кәрітау деген жерден тауып, жетекке алып ауылға келеді. Сұрағандарға атты «ерімен табылды» деп жауап беріп отырады. Осыдан жаңағы Кәрітау Еріментау, кейін келе «Ерейментау» аталып кеткен екен.

Саққұлақ би кесенесі



- Ақмола облысындағы Саққұлақ би кесенесі еліміздегі тарихи сәулет ескерткіштерінің бірі саналады. Кесене Ерейментау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 24 шақырым жерде, Қоржынкөл көлінің солтүстік-шығыс жағалауындағы ашық далада орналасқан.
- Кезінде осы көлде «Бөгенбай батыр мен Үмбетей жырау астындағы атын суарған» деген аңыз бар. Көлдің маңында әлі де зерттелмеген қорымдар бар.
- Саққұлақ би (шын аты Сәбден) (1800-1880) - Орта жүз руы Арғын тайпасының атақты биі, шешен. Қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі. Шешендік өнерімен, әділ шешімдерімен сый-құрметке ие болған. Жасынан зерделі де зерек өскен ол 12-13 жасынан әкесі Бапан бидің қасында жүріп, шешендік өнерін ұштаған, ел билеу ісіне араласқан. Баласының қабілетін сезген әкесі Сәбденді 15 жасында кішігірім дау-дамайды шешіп келуге жұмсаған. Ол 16 жасында сол өңірде шешендік аты шыққан Байдалы бимен сайысқа түсіп, Байдалының «құлағың неткен сақ еді» деген сөзінен кейін «Саққұлақ» атанып кеткен. Оның шешендік нақыл сөздерінен елдік пен ерлік, ғылым, білім, жақсылық пен жамандық туралы терең философиялық ой-түйіндерді байқауға болады. Басқа би-шешендердей емес, Саққұлақ би өзі айтқан билік сөздері мен басқа билердің аталы сөздерін, бағалы ойларын үнемі қағазға түсіріп жүрген. Саққұлақ бидің шығармашылығы толық жүйеленіп зерттелмеген. Саққұлақ биден жеті ұл қалған. Нұралы, Ералы деген ұлдары әкесіне тартып би-шешен болған. Саққұлақ би Қоржынкөл көлінің жағалауындағы Бөгенбай батыр ұрпақтарының қорымына жерленген. Мазарын халық шебері Рысқұл орнатқан. 2000 жылы Саққұлақ би кесенесінің кирандысына орталық композицияның сегізқырлы күмбезді саркофағы салынып, толық қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. Соңғы жылдары кесенеге келушілердің саны артуда. Алдағы уақытта Ерейментау ауданы аумағындағы тарихи ескерткіштерге «Туған жер» бағдарламасы шеңберінде туристік маршрут ашу жоспарланып отыр. Бұл маршрутқа Саққұлақ би кесенесін де енгізу көзделген.

Тоқан қазірет Домаұлыны ң зираты.



- Тоқан қазірет Домаұлының зираты. Ерейментау ауданының Тұмсық елді мекенінде Керегетас деген жерде орналасқан. Бейіт күмбезінің диаметрі 7,5 м, биіктігі 3,5 м. Бейітінің қабырғалары тастан қаланған, күмбезі тот баспайтын болаттан және латун материалдарынан жасалған. Шеңбердің оң жағында араб тілінде Тоқан қазірет деп жазылған. Сол жағында қазақша Тоқан қазірет деп жазылған. Екі жазудың ортасында «6666» саны тұр. Ол құрандағы аят санын білдіреді.
- Ас үй мен қонақ үйдің сыртқы көрінісі. Қонақ үйдің тақтайшасында мынадай жазу бар: «Раббымыздың жазуымен Тоқмағанбет Домаұлы жұртымыз қасиетті деп танып, зиратына тәуіп етуде. Келген адамдарға арнап осы үйді 1993 жылы, екіншісің- 2010 жылы шөбересі Қайролла Әсетұлы, туыстары, ағайындары салды. Қоршауын немересі Тәсқира Ақажан қалпе қызы қаржыландырды. Алланың рахметі жаусын!».

Бөгенбай сөресі



- Бұл киелі жер Ақмола облысының Степногорск қаласы маңындағы Ақсу кентінен 18-20 шақырым жерде орналасқан. Тас белгінің биіктігі 2,5 м құрайды. Төменгі жағы табиғи таспен қаланған. Үстіңгі жағында жалпақ тас қойылған. Жалпақ тасқа «Осы жерде 1775-жылдың күзінен 1776 жылдың көктеміне дейін Бөгенбай батырдың мәйіті сақталған. 21 ғасыр. Ұрпақтары» деген тақта орнатылған.
- **Аңыз-дерегі:**
- 1775 жылы Қанжығалы Бөгенбай батыр ел жайлауға көшкен ерте көктемде Сілеті өзені бойындағы қайтыс болған екен. Бөгенбайдың қазасына байланысты жиналған ел ақсақалдары Бөгенбайдың жай адам емес, даңқты батыр, мемлекет қайраткері болуына байланысты, қай жерге жерлеуді Абылай ханмен ақылдасу керек екенін айтады. Абылай хан сол кезде Ресей елінде мемлекеттік сапармен жол жүріп кеткен еді. Ел ақсақалдары Абылайдың Ресейден оралуын күтейік деп шешім қабылдайды. Сөйтіп Абылай хан елге оралғанша мәйітті тұздап, былғарыға тіктіреді, бөрелерден биік сөре жасап, мәйітті 40 күн сол жерде сақтайды. Ол кезде халқына танымал, атақты адамдарды қасиетті Түркістан қаласына апарып жерлейтін дәстүр болған. Сондықтан Абылай хан батыр өлімін естігеннен кейін мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет кесенесіне жерлеуді жөн көреді. Сөйтіп, 40 күннен кейін Абылай ханның бұйрығымен үлкен ұлы Тұраналы бастап Түркістанға Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне апарып жерлейді. Кейін Бөгенбайдың мәйіті сөреде сақталған жерді «Бөгенбай сөресі» деп атайды.

ЕРЕЙМЕНТ АУ ТАРИХИ- ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙ Ы

- Ерементәу тарихи-өлкетану мұражайы Қазақстандағы ірі және белгілі мұражайларына жатқызуға болмайды. Өйткенмен, осы шағын және жайлы аудандық мұражайында осы өлкенің тарихы мен қазақтың атақты жауынгері Бөгенбай батыр жайында айтатын экспонаттардың топтамасы бар. Мұражай ауылдың орталығында кең бір қабатты үйде, 19 ғасырдың тарихи құрылысында орналасқан.
- Мұражай 1991 жылдың шілдесінде ашылды, ол аты аңызға айналған Бөгенбай батырдың туған күнінен бері 300-жыл өткеніне орайластырылған. Сол жылдары осы күн бүкіл Республика ауқымында тойланып жүрді. Осы салтанатты күнге Ерементәу ауданына алыс және жақын орналасқан шетел елдерінен қонақ шақырылған. Осындай салтанатты атмосферада тарихи-өлкетану мұражайы ашылды. Оның бірінші директоры Т. Шушанова болды.
- Мұражай ашылуынан кейін алғашқы күндері қаланың басты көрікті жерлердің бірі болып табылады. 1999 жылы мұражай өмірінде тағы бір маңызды оқиға болды, оған аты аңызға айналған Бөгенбай батырдың есімі берілді.
- Бөгенбай батыр –XVIII ғасырдағы қазақтың ірі әскери басшылардың бірі, Абылай хан дәуірінің қолбасшысы болып табылады. Қолбасшы ретінде оны «Қанжығалы Бөгенбай» деп атаған қазақ жауынгерлерінің арасындағы зор абыройы мен құрметке ие болды. Олжабай, Қабанбай, Малайсары және басқа батырлармен бірге жоңғарларға қарсы күрестерде, кейін жерін қытай басқыншыларынан азат етуде батылдық көрсетіп, ол халқының тәуелсіздігі үшін күресті. Бөгенбай Абылай ханмен бірге қазақтардың астанасы Түркістан мен Сауран қалаларын жоңғарлардан азат ету күресін басқарып, оларды Жоңғар Алатауға қуды.
- Аудан тұрғындары 1999 жылы оның құрметті қонағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болғанын ерекше мақтан тұтады. Ол тарихи-өлкетану мұражайына келіп, мұражай қызметкерлеріне жұмыстары үшін алғыс айтып, аудан тарихымен танысты.
- Сол кезден бері мұражай залдарында көптеген қонақтар болды, олардың арасында елдің белгілі адамдары бар. Бұл ақын, саяси қайраткер Мұхтар Шаханов, ҚР халық әртісі Қайрат Байбосынов, Кеңес Одағының Батыры Я. Киселев, ҚР Парламентінің депутаты С.Жалмағамбетова, Мәжіліс депутаты В.Котович, сонымен қатар Германия, Литва, Украина, Беларусь, Ресей, Түркия мен тағы басқа елдерден келген көптеген шетел қонақтары бар.
- Ерементәу ауданының мұражайы тарихи-өлкетану мұражайларының республикалық каталогына енгізіліген. Мұражайдың бүкіл экспозициясы төрт залда орналасқан. Тақырыбы бойынша палеонтология мен археология залы; этнография залы; қазақ батырларының даңқ залы; аудан тарихын баяндайтын залы болып бөлінген.
- Мұражайдың негізгі қорында мыңнан астам экспонаттар бар, олардың басым бөлігі келушілер үшін залдар ішіне қойылған.